

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CUBN5768>***Н. Х. Ахтаева¹, Ф. Е. Нанай², Б. Ж. Сарыбаева³**^{1,2,3}Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.*e-mail: nagibek78kz@gmail.com

ИНТЕРНЕТ-КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақалада бүгінгі таңдағы қарым-қатынастың ерекше түрі – интернет-коммуникацияға қатысты зерттеулер ұсынылады.

Интернет-коммуникация күн санап даму үстіндегі өзіне тән заңдылықтары бар, зерттеуді қажет ететін күрделі құбылыс ретінде танылады. Интернет-коммуникацияның қоғамдағы әрекеті негізінде алып келген коммуникативті кеңістік, күнделікті қарым-қатынас салдарынан пайда болып отырған түрлі бағыттағы медиа орта және әлеуметтік, когнитивтік, технологиялық, этикалық маңызды аспектілердің нысан ретіндегі ерекшелігі тарқатылды. Қарым-қатынастың аталмыш түріне қатысты шетелдік ғалымдардың веб ортасы арқылы электрондық мәтінді автоматты сандық талдау, визуалды ақпаратты талдау, интернет блогосферасындағы сөйлеу коммуникациясын зерттеу турасындағы болжамдары сараланады. Тілдік қатынас кезіндегі айтылымды жаңғырту мен қабылдауға бағытталған үрдістер беріліп, бір кеңістікке тоғыстырылған қатынас ретіндегі ерекшелігі талданады.

Интернет байланысының ерекшеліктері ретінде танылған «жүйе ашықтығының» байланыстың техникалық белгілеріндегі мультимедиялық сипаты, ресурстарды бөлу, автоматтандырылған мәтінді құру сияқты қызмет түрлерін қамтитындығы тарқатылып, оның да өзіне тән ерекшелігі айқындалады. Интернет-коммуникацияға тән белгілер жүйесі тізбектеліп беріледі. Жалпы интернет-коммуникацияның ерекшеліктерін қарастырған лингвистердің дәйектемелері негізінде жаңа коммуникативтік технологиялар жағдайындағы тіл жүйесі мен сананың қызмет етуінің өзара әрекеттестігін, интернет тілінің ерекшеліктерін, осы жүйедегі тіл, стиль, медиа-жоба ұғымдарын талқылау және оны деңгейлер бойынша сипаттау, компьютерлік коммуникацияның ауызына және жазбаға қарым-қатынаспен байланысын танытады.

Кілтті сөздер: интернет-коммуникация, компьютерлік коммуникация, желі тілі, интернет-дискурс, жаңа виртуалды коммуникация.

Кіріспе

Интернет-коммуникация – қазіргі қоғамдағы жаңа құбылыс. Аталған екі терминді бөлек қарастырсақ «интернет» және «байланыс» бір-бірімен жаңаспауы мүмкін. Өйткені интернет – бұл қандай да бір орта болса, коммуникация сол ортаның мәні. Дегенмен бұл терминнің қолдану аясы соңғы уақытта арта түсті. Алғашында интернет ақпаратты қабылдау және сақтау қызметін атқарса, бүгінде қоғамның барлық салаларында маңызды орын ала отырып, ерекше коммуникация құралына айналды. Барған сайын интернет жаңа әлеуметтік-мәдени процестерді тудырушы байланыс арнасының рөлін алуда. Интернет-технологиялардың мұндай кең тараған таңымалдығы мен қолжетімділігінің артуы ақпараттық өзара әрекеттестіктің ерекше саласын құрайтын және әлеуметтік қатынастардың инновациялық түрлерінің пайда болуына әкелетін жаңа мүмкіндіктердің де, перспективті коммуникация әдістерінің де пайда болуына ықпал етеді.

Интернет-коммуникация – заман талабы. Тіл – қарым-қатынас құралы болса, сол тілдесім желісі – интернет. А. Байтұрсынұлы «Тіл құралының» сөз басында «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық даражаға жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды. Жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық...Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, қатта жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде әр халықтың тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздердің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болатынын» айтқан [1, 13]. Мың жылдық тарих ішіндегі жазумен тілдесуді қаламнан пернетақтаға ауыстырып, интернет жүйесінің дағдысы мен қисынына бағынған қарым-қатынастың орын алғаны сөзсіз. Ендеше интернет коммуникацияның ерекшелігін саралау өзекті. Ф. Оразбаеваша тарқатсақ, «коммуникация» термині жалпы қарым-қатынас, араласау, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре отырып, адамдардың тіл арқылы сөйлеу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасын, өзара түсінушілікті көрсетеді [2, 39]. Сол қарым-қатынастың орнауына себепші нысан – интернет. Ол (интернет) коммуникация терминімен пара-пар. Сөйлесу, тілдік қарым-қатынас жасау, ой, мағлұмат алмасу: танымдық еңбек қызметіндегі адамдардың бір-бірімен

қарым-қатынасын танытатын ерекше форма [3, 87]. Оның практикалық мәні теориялық сипаты маңызды.

Материалдар мен әдістері

Интернет-коммуникацияға арналған зерттеулер шетелдік тұжырымдарға жетелейді. Б. М. Гаспаров, И. И. Шабшин, М. Б. Бергельсон, А. Е. Войскунский, Е. И. Горошко ізденістерімен қатар жалпы коммуникацияға қатысты А. Байтұрсынұлының, Ф. Оразбаеваның ғылыми еңбектері дереккөз ретінде алынды. Сол тұжырымдар негізінде тақырып ашу мақсатында проблемалық, салыстыру, жинақтау, сипаттау, жүйелеу, сұрыптау әдіс-тәсілдері қолданылады. Зерттеу барысында алға қойған мақсат-міндеттерді шешу үшін дәстүрлі ғылыми сипаттама, салыстырмалы, мәнмәтіндік талдау әдістері де пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Орыс зерттеушісі Б. М. Гаспаров, коммуникативті кеңістік қарым-қатынас процесінде айтылымды жаңғырту мен қабылдауға қажетті «ойша елестетілген ортаны» білдіреді деген пікір білдірсе [4, 69], И. И. Шабшин интернеттің шекарасын кеңейте отырып, оны коммуникацияға арналған «мета орта» ретінде көрсеткен. Яғни, бизнес технологияларды жүзеге асыру ортасы, ақпаратты сақтау және өңдеу ортасы, БАҚ жұмыс жасайтын орта және т.б. [5]. Осылайша, интернет жаңа танымдық ортаны қалыптастырушы және жаңа когнитивтік жүйені қалыптастыратын бірегей әлеуметтік құбылыс ретінде танылады.

Перцептивті тілдік қатынас ретінде танылған бұл құбылыстың бірнеше принциптерден тұратынын көреміз:

- Диалог және қарым-қатынас;
- Көрнекі-перцептивті аспект;
- Тұлғааралық қарым-қатынас;
- Мәдениетаралық диалог құралы;
- Лингвистикалық компонент [6, 110–111].

Коммуникативті кеңістікті технологияландыру, тілдің қызметін төмендетпейді, керісінше тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ақпаратты білдіру, ұйымдастыру және ұсыну тәсілі ретінде қолданылады. Жаңа орта дәстүрлі қатынаста жүзеге асады, өзгешелігі әлеуметтік қызметтің әртүрлі салаларындағы қарым-қатынастың формаларын бір кеңістікте біріктіреді.

Тілдің танымдық, экспрессивтік, коммуникативті және манипуляциялық негізгі қызметтері жаңа ортада толық көрініс табады. Электрондық арналар арқылы ақпаратты беру кезінде тілдің осы арнайы коммуникативті орталарда жұмыс істеуі, сөзсіз, лингвистикалық зерттеу әдістемесін қайта қарау мәселесіне әкеледі [7], ол тілді қоршаған ортаға қатысты да зерттеуді талап етеді. Бұл тұтастай алғанда лингвистикалық теорияны көптеген аспектілерде

қайта құрылымдау үшін ынталандыру болып табылады және лингвистикалық талдау үшін ғылымның басқа салаларын кеңірек зерттеуге әкеледі.

Қазіргі кезеңде ғалымдардың көпшілігі осы күрделі құбылысты зерттеуде пәнаралық әдістің қажеттігін атап көрсетеді. Мәселен, М. Б. Бергельсон бұл құбылыстың әлеуметтік, когнитивтік, технологиялық және этикалық маңызды аспектілерін атап өтеді [8]. А. Е. Войскунский «Психологиядағы интернетті зерттеу» атты мақаласында «Интернет өзінің пайда болуы мен құрастырылуынан бастап мамандардың күш-жігерін біріктіретін пәнаралық зерттеулердің нысаны болып табылады. Айталық, гуманитарлық білім салаларында әлеуметтану, мәдениеттану, философия, «компьютермен өзара әрекеттесу» (адам-компьютердің өзара әрекеттесуі), лингвистика, этнография, психология, педагогика, саясаттану, кітапханатану, сондай-ақ, коммуникация ғылымы бойынша зерттеулерде қарастырылады» [9] деп пікір білдірген.

Е. И. Горошко өзінің «Лингвистика интернета: формирование дисциплинарной парадигмы» атты мақаласында интернет коммуникациясын зерттеудегі барлық әдіс-тәсілдерге талдау жасай отырып, «интегративті бағытты» пайдалану қажеттілігін атап көрсетеді. Бұл бағытта әр түрлі лингвистикалық пәндердің тәсілдері мен әдістемесі бірге қарастырылады: әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика, мәтін лингвистикасы, сонымен бірге өзіндік зерттеу құралдарын қалыптастырады. Интернет желісіндегі лингвистикалық зерттеу әдістемесін талдау арқылы автор Е. И. Горошко тілдік қызмет атқаратын ортаның өзіне тән зерттеу объектісі мен талаптары, міндеттерін көрсетеді.

Яғни дәстүрлі зерттеу құралдарымен қатар қоршаған ортаға өзгертілген әдістерді (веб ортасы арқылы электрондық мәтінді автоматты сандық талдау), визуалды ақпаратты талдау әдістерін (аватарды бүркеншік атпен біріктіру жолдарын зерттеу, қашан кескіннің графикалық жағы оның ауызша белгіленуімен бір мезгілде зерттеледі) және деректерді талдаудың жаңа әдістемелері: веб-беттерді талдауға арналған бағдарламаларды құру, экрандағы мәтіннің графикалық орналасуын зерттеуге арналған арнайы бағдарламаны қамтамасыз ету, мәтіндік орналасуды зерттеу; «экранда қозғалу» мәтінімен эксперименттер жүргізу және фракталдар теориясының көмегімен интернет блогосферасындағы сөйлеу коммуникациясын зерттеу және т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану керектігін айтады. Қорытындылай келе, Е. И. Горошко «әдіснамадағы мұндай өзгерістер тіл біліміндегі басқа жаңа бағытқа алып келуі мүмкін» деген болжамды білдіреді [10].

Сонымен қатар интернет мәдениетаралық қарым-қатынас кеңістігі ретінде оның жасаушысы да, қолданушысы да болған, осы құбылыстың ортасында тұрған адами ғылымдардың бүкіл кешенінен мұқият назар

аударуды талап етеді. Антропоцентризм интернет коммуникациясының ерекшеліктерін зерттеудегі маңызды бағыттардың бірі екені сөзсіз. «Интернет тек бір-бірімен байланысқан компьютерлер мен компьютерлік желілер ғана емес, сонымен қатар осы ортадағы өзара байланысты және белсенді адамдар, олардың қызметі өнімдерімен, хабарламалармен, веб-беттермен, каталогтермен және деректер мұрағатымен, навигациялық маршруттармен байланысы және т.б.» [9]. Интернет-коммуникацияның күрделі және көп деңгейлі құрылымы қазіргі ғылыми әдебиеттерде осы құбылысты сипаттау үшін ұсынылған мүмкіндіктердің үлкен жиынтығын анықтайды. Техникалық прогрестің өнімі бола отырып, олардың көпшілігі байланыс арнасының, атап айтқанда, электронды немесе цифрлық арнаның сипаттамасымен байланысты.

Қорытынды

Жаңа виртуалды коммуникацияның ең маңызды ерекшеліктері оның жаһандық және интерактивті сипаттарында.

Интернет-коммуникацияның бірінші сипаты қандай да бір шекаралардың болмауымен және географиялық орналасуына қарамастан желіде кез келген пайдаланушымен байланыс орнату мүмкіндігінің болуы. Мұндай байланыс қашықтық, яғни кеңістік пен уақыт бойынша бөлу және делдалдық, байланыс коммуниканттардың тікелей байланысынсыз техникалық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Екінші сипаты, интерактивтілік: а) аудиториямен тікелей диалогқа түсуге, одан нақты уақыт режимінде кері байланыс алуға мүмкіндік береді; б) осы аудитория өкілдерінің өзара қарым-қатынасына жағдай жасайды [11].

Интерактивтілік коммуникацияның сөйлесу сипатына баса назар аударады және әдетте ақпаратты әртүрлі режимдерде жеткізе отырып, мәтінді қалыптастыру мен қабылдауды толығымен өзгертетін немесе шектен тыс түрлендіретін гипермәтіндік ұғым арқылы анықтайды. Мысалы, гиперсілтеме аппаратының мүмкіндігі оқырманға автордың мәтінінің ашылуын қадағалап қана қоймай, басқа да сұрақтарға жауап алуына, ұқсас мәтіндермен танысуына мүмкіндік береді. Яғни, адресант пен адресат бір-бірімен тікелей байланыса алады.

Жалпы желінің өзіне де, онда қалыптасқан барлық ішкі жүйелерге де тән тағы бір техникалық деталь бар. Ақпарат алмасу сипатының ашықтығы. Яғни, интернет байланысының тағы бір белгісі – жүйенің ашықтығы. Интернет байланыстың техникалық белгілеріне мультимедиялық сипаты, ресурстарды бөлу, автоматтандырылған мәтінді құру сияқты қызметтер кіреді, олар интернет байланыстың атрибутивтік мүмкіндіктерін кеңейтеді және ақпаратты алу және оны өңдеу процесін жеңілдетеді.

Интернет-коммуникацияның техникалық сипаты – бұл күрделі құбылыстың бір бөлігі ғана десек болады. Екінші бір сипаты тілді таңба жүйесі ретінде қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда интернет коммуникация бірнеше белгілермен сипатталады:

- Бірнеше дискурс түрлерінің біріктіру мүмкіндігі;
- Коммуникацияның ауызша-жазбаша сипаты;
- Компьютерлік мәтіндерді креолизациялау;
- Эмоцияны смайликтермен беру;
- Компьютерлік этика;
- Қарым-қатынастың ауызша және жазбаша сипаты.

Бұл тізім әрі қарай да жалғасын таба бермек, себебі интернет күн санап даму үстінде және оған ғылымның да қызығушылығы артуда. Жоғарыда айтып өткеніміздей интернет коммуникацияның әртүрлі тәсілмен зерттеу арқылы оның жаңа сипаты мен қырлары пайда болуда.

Сонымен, интернет-коммуникация әлі толық ашылмаған, енді ғана аяқ басып келе жатқан, шешілмеген мәселесі көп, қиын да күрделі интернет-лингвистиканың кіші бөлігі десек болады. Қиындығы, ғаламтордағы мәтін жиынтығының көптігі, ақпараттың ұдайы өзгеріп отыруы, тілдік материялдардың әртүрлілігі, белгілі бір норманың жоқтығы және желі тілін бір тұтастықта зерттей алмау.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Байтұрсынұлы, А.** Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст. : Ғ. Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

2 **Оразбаева, Ф.** Тілдік қатынас. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2005. – 272 б.

3 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том / Құраст. : Қ. Күдерінова, О. Жұбаева, М. Жолшаева және т.б. – Алматы : Дәуір, 2011. – 744 б.

4 **Гаспаров, Б. М.** Язык. Память. Образ. Лингвистика языкового существования. – М. : Новое литературное обозрение. 1996. – 362 с.

5 **Шабшин, И. И.** Психологические особенности и феномены коммуникации в Интернете // [Электронды ресурс] – URL: http://zhurnal.lib.ru/s/shabshin_i_internet.shtml.

6 **Аршинов, В. И.** Методология сетевого мышления: феномен самоорганизации / В. И. Аршинов, Ю. А. Данилов, В. В. Тарасенко // Онтология и эпистемология синергетики. – М. : ИФРАН, 1997. – С. 101–119.

7 **Herring, S. C.** Справочник по исследованиям компьютерной связи. Группа идей. Inc. 2008 // URL: <http://ella.slis.indiana.edu/~herring/foreword CMC hb.pdf>

8 **Бергельсон, М. Б.** Языковые аспекты виртуальной коммуникации // Вестник МГУ. Сер. 19. № 1. Лингвистика и межкультурная коммуникация: сб. науч. Тр. – М., 2002. – С. 55–67.

9 **Войскунский, А. Е.** Исследования Интернета в психологии – 2003 // URL: <http://banderus2.narod.ru/80014.html>

10 **Горошко, Е. И.** Лингвистика Интернета: формирование дисциплинарной парадигмы // [Электронды ресурс] – URL: <http://www.textology.ru/article.aspx?ald=76>

11 **Городецкий, Б. Ю.** Компьютерная лингвистика: моделирование языкового общения // Новое в зарубежной лингвистике: Вып. XXIV. Компьютерная лингвистика: пер. с англ. / сост., ред. и вступ. ст. Б. Ю. Городецкого. – М.: Прогресс, 1989. – с. 5–29.

References

1 **Baytursinuli, A.** Qazaq til biliminiñ мәseleleri. [Baitursynuly A. Problems of Kazakh linguistics]. Compiled by: G. Anes. – Almaty, 2013. – 640 p.

2 **Orazbayeva, F.** Tildik qatynas. [Language communication]. – Almaty: Dictionary-Dictionary, 2005. – 272 p.

3 Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. Fifteen volumes. Volume 8 / comp. The main purpose of the event is to promote the development of the Kazakh language. – Almaty : era, 2011. – 744 p.

4 **Gasparov, B. M.** Iazyk. Pamyat. Obraz. Lingvistika iazikovogo sushestvovaniya [Yazyk. Remember. Image. Linguistics of linguistic existence]. – М.: New literary coverage. 1996. – 362 p.

5 **Shabshin, I. I.** Psihologicheskie osobennosti i fenomeny kommunikatsii v Internetе [Psychological features and phenomena of communication on the Internet] // [Electronic resource] – URL: http://zhurnal.lib.ru/s/shabshin_i_internet.shtml.

6 **Arshinov, V. I.** Metodologiya setevogo mysleniya: fenomen samoorganizatsii [Methodology of network thinking: the phenomenon of self-organization] / V. I. Arshinov, Yu. a. Danilov, V. V. Tarasenko // Ontology and epistemology of synergetics. – М.: IFRAN, 1997. – PP. 101–119.

7 **Herring, S. C.** Spravochnik po issledovaniyam kompiuternoi svyazi Handbook of Computer Communication Research 2008 // [Electronic resource] – URL: <http://ella.slis.indiana.edu/~herring/forewordCMChb.pdf>

8 **Bergelson, M. B.** Iazykovye aspekty virtualnoi kommunikatsii [English aspects of virtual communication] // Vestnik MGU. Ser. 19. № 1. Linguistics and inter-cultural communication: sat. науч. Тр. – М., 2002. – Pp. 55–67.

9 **Voiskunsky, A. E.** Issledovaniya Interneta v psichologii [Research of the internet in psychology]. // [Electronic resource] – URL: <http://banderus2.narod.ru/80014.html>

10 **Goroshko, E. I.** Lingvistika Interneta: formirovanie distsiplinarnoi paradigmoi [Linguistics of the internet: forming a transdisciplinary paradigm] // [Electronic resource] – URL: <http://www.textology.ru/article.aspx?ald=76>

11 **Gorodetsky, B.** Kompiuternaia lingvistika: modelirovanie iazikovogo obshenia [Computational linguistics: modeling language communication] // New in foreign linguistics: ISSUE. XXIV. Computer Linguistic: per. with the English. / Sost., Ed. and then. St. B. Yu. Gorodetskogo. – M. : Progress, 1989. – p. 5–29.

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

*Н. Х. Ахтаева¹, Ф. Е. Нанай², Б. Ж. Сарыбаева³

^{1,2,3}Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

СПЕЦИФИКА ИНТЕРНЕТ-КОММУНИКАЦИИ

В статье предлагаются исследования, связанные с особым видом общения на сегодняшний день – интернет-коммуникацией.

Интернет-коммуникация признается сложным явлением, требующим изучения, имеющим все более характерные закономерности развития. Раскрыта специфика Интернет-коммуникации как формы коммуникативного пространства, формирующегося в результате повседневного общения и различных разнонаправленных медиа-сред и важных социальных, когнитивных, технологических, этических аспектов. Применительно к данному виду общения анализируются предположения зарубежных ученых о проведении автоматического количественного анализа электронного текста через веб-среду, анализа визуальной информации, изучения речевой коммуникации в интернет-блосфере. Даны тенденции, направленные на воспроизведение и восприятие произношения при языковом общении, проанализирована специфика общения как интегрированного в единое пространство.

Раскрывается, что «открытость системы», признанная отличительными чертами Интернет-связи, включает такие виды деятельности, как мультимедийный характер, распределение ресурсов, автоматизированное текстовое создание. Система признаков, характерных для Интернет-коммуникации, передается последовательно. На основе цитат лингвистов, рассматривавших особенности интернет-коммуникации в целом, раскрывается взаимодействие функционирования языковой системы и сознания в условиях новых коммуникативных

технологий, обсуждение особенностей языка интернета, концепций языка, стиля, медиа-проекта в данной системе и их описание по уровням, связь компьютерной коммуникации с устным и письменным общением.

Ключевые слова: интернет-коммуникации, компьютерная коммуникация, сетевой язык, интернет-дискурс, новая виртуальная коммуникация.

**N. H. Akhtayeva¹, F. E. Nanaï², B. J. Sarybaeva³*

^{1,2,3}Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar/

Material received on 13.03.23.

SPECIFICITY OF INTERNET COMMUNICATION

The article presents research related to internet communication, a special type of communication today.

Internet communication is recognized as a complex phenomenon that needs to be studied, with its characteristic patterns that are developing day by day. The communicative space created by the internet on the basis of the action of communication in society; the media environment of various directions that arise as a result of everyday communication, and the specifics of social, cognitive, technological, and ethically important aspects as an object are highlighted. In relation to this type of communication, the forecasts of foreign scientists in the field of automatic quantitative analysis of electronic text through the web environment, analysis of visual information, and the study of speech communication in the internet blogosphere are analyzed. The processes aimed at reproducing and perceiving pronunciation during language communication are given, and the specificity of communication as a single space is analyzed.

The «transparency of the system», recognized as the features of internet communication, is revealed by the multimedia nature of the technical features of communication, including such activities as resource allocation, automated text creation. The system of signs characteristic of internet communication is transmitted in series. Based on the arguments of linguists who considered the features of internet communication in general, discuss the interaction of the language system and the functioning of consciousness in the conditions of new communication technologies, the features of the internet language, the concepts of language, style, media project in this system and describe it at levels, show the relationship of computer communication with oral and written communication.

Keywords: internet communication, computer communication, network language, internet discourse, new virtual communication.

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz